

**"ТҰҒЫР" біліктілікті
арттыру орталығы**

**"Центр повышения
квалификации "ТҰҒЫР"**

**«Аутистік спектрінің бұзылыстары бар балаларды білім беру жағдайында
кешенді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу технологиялары»**

**педагогтерге арналған біліктілікті арттыру курсының
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Сағат саны: 80 ак.сағ.

Қордай 2026

1. Жалпы ережелер

Осы «Аутистік спектрінің бұзылыстары бар балаларды білім беру жағдайында кешенді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу технологиялары» тақырыбындағы педагогтердің біліктілігін арттыру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді.

Бағдарлама Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы №175 бұйрығының талаптарын, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын (2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрық), сондай-ақ Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын басшылыққа алады.

Қазіргі уақытта білім беру ұйымдарында аутистік спектрінің бұзылыстары бар балалар саны артып келеді. Бұл педагогтердің кәсіби қызметіне жаңа талаптар қояды. Мұндай балалармен жұмыс жасау тек жалпы педагогикалық біліммен шектелмейді. Педагог баланың даму ерекшеліктерін түсініп, оқу-тәрбие процесін соған сәйкес бейімдей білуі және психологиялық-педагогикалық қолдау ұйымдастыра алуы қажет.

Баланың ерте және мектепке дейінгі кезеңі – оның тілінің, қарым-қатынасының, мінез-құлқының және әлеуметтік дағдыларының қалыптасатын аса маңызды кезеңі. Осы уақытта көрсетілген дұрыс педагогикалық қолдау баланың әрі қарайғы дамуына тікелей әсер етеді. Сондықтан аутистік спектрінің бұзылыстары бар балаларды қолдау, олардың білім беру процесіне бейімделуіне көмектесу және әлеуетін ашу – білім беру ұйымының маңызды міндеттерінің бірі.

Бағдарлама педагогтердің аутистік спектрінің бұзылыстары бар балалармен жұмыс жасауға қатысты кәсіби құзыреттерін дамытуға бағытталған. Бағдарлама мазмұны теориялық біліммен қатар, практикада қолдануға болатын нақты технологиялар мен жұмыс алгоритмдерін қамтиды.

Бағдарлама аясында педагогтер:

- аутистік спектрінің бұзылыстары бар балалардың даму ерекшеліктерін түсінеді;
- психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыру жолдарын меңгереді;
- оқу-тәрбие процесін баланың мүмкіндіктеріне сәйкес бейімдеуді үйренеді;
- ата-аналармен және мамандармен тиімді өзара әрекет орнату дағдыларын қалыптастырады.

Бағдарлама білім беру жағдайында қауіпсіз, қолайлы және дамытушы орта құруға бағытталған. Негізгі назар медициналық мәселелерге емес, педагогикалық қолдау мен баланың даму мүмкіндіктерін ашуға аударылады.

Бағдарламаның жалпы көлемі – 80 академиялық сағат. Оқыту күндізгі, қашықтан немесе аралас форматта ұйымдастырылуы мүмкін.

Бағдарламаның өзектілігі

Қазіргі кезеңде білім беру ұйымдарында аутистік спектрінің бұзылыстары бар балалар санының артуы педагогтердің кәсіби даярлығына жаңа талаптар қойып отыр. Мұндай балалардың даму ерекшеліктері, қарым-қатынас технологиялары, мінез-құлық үлгілері және ақпаратты қабылдау ерекшеліктері педагогикалық жұмысты арнайы ұйымдастыруды қажет етеді.

Аутистік спектрінің бұзылыстары бар балалар көбіне әлеуметтік өзара әрекетте, вербалды және вербалды емес коммуникацияда, эмоционалдық реттеуде, мінез-құлықты ұйымдастыруда қиындықтарға тап болады. Бұл ерекшеліктер білім беру процесін стандартты түрде ұйымдастыруды тиімсіз етеді. Сондықтан педагог баланың жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу процесін икемдеп, жүйелі психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу ұйымдастыра алуы тиіс.

Педагогикалық практика көрсетіп отырғандай, мамандар көбіне келесі мәселелерде қиындық көреді:

- баланың мінез-құлқын дұрыс түсіндіру және педагогикалық тұрғыдан реттеу;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту технологияларын таңдау;
- оқу тапсырмаларын баланың қабылдау ерекшелігіне бейімдеу;
- эмоционалдық қауіпсіз ортаны ұйымдастыру;
- ата-аналармен кәсіби өзара әрекет орнату.

2025 жылғы №92 бұйрықта ерекше білім беруді қажет ететін балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау тәртібі нақты белгіленген. Бұл құжат білім беру ұйымдарында сүйемелдеуді жүйелі ұйымдастыруды, жеке даму бағытын жоспарлауды және мамандар арасындағы үйлесімді жұмысты талап етеді. Осы талаптарды тиімді іске асыру педагогтердің арнайы даярлығын қажет етеді.

Аутистік спектрінің бұзылыстары бар балалармен жұмыс істеу тек теориялық біліммен шектелмейді. Педагогке нақты алгоритмдер, практикалық технологиялар және күнделікті жағдайда қолдануға болатын құралдар қажет. Баланың әлеуетін ашу, оның қарым-қатынас жасау мүмкіндігін кеңейту және білім беру процесіне белсенді қатысуын қамтамасыз ету — жүйелі және кәсіби сүйемелдеудің нәтижесі.

Ұсынылып отырған бағдарлама Аутистік спектрінің бұзылыстары бар балаларды білім беру жағдайында кешенді психологиялық-педагогикалық

сүйемелдеу технологияларының мазмұнын терең ашуға, педагогтердің практикалық дағдыларын дамытуға және кәсіби сенімділігін арттыруға бағытталған. Бағдарлама нақты педагогикалық жағдайларда қолдануға болатын технологияларға негізделеді және мамандардың кәсіби қызметін жүйелеуге мүмкіндік береді.

Жалпыұлттық басымдықтармен және әлемдік үрдістермен байланысы

Ұсынылып отырған «Аутистік спектрінің бұзылыстары бар балаларды білім беру жағдайында кешенді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу технологиялары» тақырыбындағы бағдарлама Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін дамытудың стратегиялық бағыттарымен үйлесімді әзірленді.

Қазақстан Республикасында білім беру саясаты әрбір баланың сапалы білім алу құқығын қамтамасыз етуге және оның жеке даму мүмкіндіктерін қолдауға бағытталған. Осы тұрғыдан алғанда аутистік спектрінің бұзылыстары бар балаларды білім беру жағдайында тиімді сүйемелдеу – өзекті міндеттердің бірі болып табылады. Бағдарлама мазмұны Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында белгіленген сапалы білім беру, педагогтердің кәсіби құзыреттерін арттыру және ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдау бағыттарымен сәйкес келеді.

Сонымен қатар, бағдарлама Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің №92 бұйрығында айқындалған психологиялық-педагогикалық қолдау қағидаттарын негізге алады. Аталған құжатта ерекше білім беруді қажет ететін балаларды жүйелі сүйемелдеу, жеке даму бағдарламаларын әзірлеу және білім беру процесін баланың қажеттіліктеріне бейімдеу талаптары нақты көрсетілген. Бағдарлама осы талаптарды практикада жүзеге асыруға бағытталған.

Әлемдік білім беру тәжірибесінде аутистік спектрінің бұзылыстары бар балаларды ерте кезеңнен анықтау және кешенді қолдау маңызды бағыттардың бірі ретінде қарастырылады. Халықаралық зерттеулер білім беру жағдайында дұрыс ұйымдастырылған психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу баланың коммуникациялық, әлеуметтік және танымдық дамуына оң әсер ететінін көрсетеді.

Бағдарлама мазмұны БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарында айқындалған сапалы білім беру қағидаттарымен де үндеседі. Атап айтқанда, әрбір баланың білім алу мүмкіндігін қамтамасыз ету, жеке ерекшеліктерін ескеру және қауіпсіз білім беру ортасын құру қағидаттары бағдарлама мазмұнында көрініс табады.

Қазіргі әлемдік тәжірибеде педагогтің рөлі айтарлықтай өзгеруде. Педагог тек білім беруші емес, баланың даму мүмкіндіктерін ашуға жағдай жасайтын, оның ерекшеліктерін түсінетін және қолдау көрсететін маман ретінде қарастырылады. Аутистік спектрінің бұзылыстары бар балалармен жұмыс барысында бұл талаптар ерекше маңызға ие.

Осылайша, ұсынылып отырған бағдарлама ұлттық білім беру саясатының стратегиялық бағыттарына сәйкес келеді және әлемдік тәжірибеде қалыптасқан психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қағидаттарын ескере отырып әзірленген. Бағдарлама педагогтердің кәсіби даярлығын күшейтуге, практикалық

құзыреттерін дамытуға және аутистік спектрінің бұзылыстары бар балаларды білім беру процесінде тиімді қолдауға бағытталған.

2. Глоссарий

Аутистік спектрінің бұзылыстары (АСБ) – баланың әлеуметтік өзара әрекетінде, қарым-қатынасында және мінез-құлқында ерекшеліктермен сипатталатын даму бұзылыстарының тобы. Білім беру жағдайында бұл ерекшеліктер арнайы педагогикалық технологияларды қолдануды талап етеді.

Ерекше білім беруді қажет ететін балалар – білім беру процесінде қосымша қолдау, бейімдеу немесе арнайы әдістерді қажет ететін балалар.

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу – баланың жеке даму ерекшеліктерін ескере отырып, оның білім алуына, бейімделуіне және әлеуметтенуіне бағытталған жүйелі педагогикалық қолдау.

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі (ППҚК) – білім беру ұйымында ерекше білім беруді қажет ететін балаларды сүйемелдеуді жүзеге асыратын мамандардың (педагог, логопед, психолог және т.б.) бірлескен қызметі.

Жеке даму бағдарламасы (ЖДБ) – баланың даму ерекшеліктеріне сәйкес әзірленетін, нақты мақсаттар мен қолдау шараларын қамтитын жоспарлы құжат.

Білім беру процесін бейімдеу – оқу мазмұнын, тапсырмаларды, әдістерді және ортаны баланың жеке мүмкіндіктеріне сәйкес өзгерту.

Сараланған оқыту – балалардың даму деңгейі мен ерекшеліктеріне қарай тапсырмаларды әртүрлі деңгейде ұсыну.

Коммуникативтік дағдылар – баланың вербалды және вербалды емес құралдар арқылы қарым-қатынас жасау қабілеті.

Вербалды коммуникация – сөз арқылы қарым-қатынас жасау.

Вербалды емес коммуникация – ым-ишара, көзқарас, мимика, қимыл арқылы байланыс орнату.

Әлеуметтік өзара әрекет – баланың басқа адамдармен қарым-қатынас орнату және бірлескен әрекетке қатысу қабілеті.

Әлеуметтік дағдылар – сәлемдесу, кезек күту, ортақ ережелерді сақтау сияқты қоғамда қабылданған мінез-құлық үлгілері.

Мінез-құлықты педагогикалық қолдау – баланың мінез-құлқындағы қиындықтарды түсіну, алдын алу және реттеу үшін қолданылатын педагогикалық технологиялар.

Эмоционалдық реттеу – баланың өз эмоцияларын түсіну және басқару қабілеті.

Сенсорлық ерекшеліктер – баланың дыбысқа, жарыққа, жанасуға, иіске немесе басқа әсерлерге ерекше сезімталдығы немесе төмен сезімталдығы.

Сенсорлық жайлылық – баланың өзін қауіпсіз әрі тыныш сезінуіне мүмкіндік беретін орта жағдайлары.

Құрылымдалған орта – уақыт, кеңістік және әрекеттер нақты ұйымдастырылған, балаға түсінікті орта.

Визуалды қолдау – ақпаратты сурет, белгі, схема, кесте арқылы ұсыну тәсілі.

Күн тәртібі – күн ішіндегі әрекеттердің жүйелі реті.

Даму динамикасы – баланың белгілі бір уақыт аралығындағы даму өзгерістері.

Мониторинг – баланың даму барысын жүйелі бақылау және нәтижелерін талдау процесі.

Бағалау – баланың жетістіктерін және даму қажеттіліктерін анықтау мақсатында жүргізілетін талдау.

Педагогикалық бақылау – баланың әрекетін, қарым-қатынасын және мінез-құлқын жүйелі түрде қадағалау.

Қолайлы білім беру ортасы – баланың өзін қауіпсіз, түсінікті және тұрақты сезінуіне мүмкіндік беретін жағдайлар жиынтығы.

Командалық жұмыс – мамандардың (педагог, логопед, психолог және т.б.) баланы қолдау мақсатында бірлесіп әрекет етуі.

Ата-анамен серіктестік – баланың дамуына қолдау көрсету барысында педагог пен ата-ананың бірлескен жұмысы.

Түзете-дамыту жұмысы – баланың дамуындағы қиындықтарды жеңілдетуге және дағдыларын дамытуға бағытталған мақсатты педагогикалық әрекет.

Әлеуметтендіру – баланың қоғамдағы мінез-құлық нормаларын меңгеруі және әлеуметтік ортаға бейімделуі.

Бейімделу – баланың жаңа ортаға немесе жағдайға икемделу процесі.

Қолдау шаралары – баланың білім алуына және дамуына көмектесетін ұйымдастырушылық, әдістемелік және педагогикалық әрекеттер.

3. Бағдарламаның тақырыптық бағыты

«Білім беру ұйымдарында аутистік спектрінің бұзылыстары бар балаларды кешенді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу технологиялары» тақырыбындағы бағдарлама педагогтердің аутистік спектрінің бұзылыстары бар балалармен жұмыс істеу саласындағы кәсіби құзыреттерін жүйелі дамытуға бағытталған және теория мен практиканың интеграциясына негізделген кешенді тәсілді көздейді.

Бағдарламаның тақырыптық бағыты аутистік спектрінің бұзылыстары бар балалардың даму ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру ұйымдары жағдайында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастырудың ғылыми-әдістемелік негіздерін және оны жүзеге асырудың тиімді педагогикалық технологияларын меңгертуге бағытталған. Бағдарлама мазмұнында баланың әлеуметтік өзара әрекет, коммуникация, мінез-құлық, сенсорлық өңдеу және танымдық даму ерекшеліктерін кешенді талдау, сондай-ақ білім беру процесін бейімдеу, құрылымдау және қолайлы дамытушы орта құру технологиялары қарастырылады.

Дәстүрлі педагогикалық тәжірибеде аутистік спектрінің бұзылыстары бар балалармен жұмыс көбіне теориялық сипатта немесе жекелеген әдістер деңгейінде ұсынылатын болса, ұсынылып отырған бағдарлама нақты педагогикалық технологияларға, алгоритмдерге және практикалық құралдарға негізделген. Бағдарлама педагогтердің нақты педагогикалық жағдаяттарды талдау, баланың мінез-құлқын функционалдық тұрғыдан түсіну және дәлелді педагогикалық шешімдер қабылдау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

Бағдарламаның жетекші бағыттарының бірі – аутистік спектрінің бұзылыстары бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді жүйелі ұйымдастыру технологиялары болып табылады. Бұл бағытта жеке даму бағдарламаларын (ЖДБ) әзірлеу алгоритмдері, педагогикалық мониторинг жүргізу құралдары, мамандардың (педагог, логопед, психолог және т.б.) командалық өзара әрекетін үйлестіру модельдері, сондай-ақ ата-аналармен серіктестік технологиялары қарастырылады. Сүйемелдеу процесі баланың жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оның білім беру процесіне белсенді қатысуын қамтамасыз етуге бағытталады.

Бағдарламада білім беру процесін бейімдеу және құрылымдау технологияларына ерекше назар аударылады. Оқу тапсырмаларын саралау, визуалды қолдау құралдарын (пиктограммалар, күн тәртібі, қадамдық нұсқаулықтар) қолдану, құрылымдалған және болжамды орта құру, сенсорлық жүктемені реттеу технологиялары ұсынылады. Бұл тәсілдер баланың эмоционалдық тұрақтылығын қамтамасыз етуге, оқу әрекетін ұйымдастыруға және білім беру процесіне тұрақты қатысуына мүмкіндік береді.

Сонымен қатар бағдарламада коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларды дамыту технологиялары, альтернативті және қосымша коммуникация құралдарын қолдану, мінез-құлықты функционалдық талдау және позитивті педагогикалық қолдау стратегиялары, өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыру технологиялары қарастырылады. Аталған технологиялар баланың әлеуетін ашуға, оның әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз етуге және өмір сапасын арттыруға бағытталған.

Осылайша, бағдарламаның тақырыптық бағыты аутистік спектрінің бұзылыстары бар балаларды білім беру ұйымдарында кешенді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді жүзеге асыруға арналған технологиялық, практикаға бағдарланған және нәтижеге бағытталған мазмұнымен сипатталады.

Білім беру жүйесінде баламалардың болуы/болмауын талдау

Білім беру жүйесінде аутистік спектрінің бұзылыстары бар балалармен жұмыс жасауға арналған біліктілікті арттыру бағдарламаларын талдау қазіргі уақытта бұл бағытта жекелеген курстар мен бағдарламалардың бар екенін көрсетеді. Алайда олардың басым бөлігі теориялық ақпарат берумен немесе жекелеген әдістерді таныстырумен шектеледі және кешенді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастырудың толық моделін ұсынбайды.

Қолданыстағы бағдарламалардың көпшілігінде аутистік спектрінің бұзылыстары бар балалармен жұмыс фрагментарлы түрде қарастырылады. Атап айтқанда, білім беру жағдайында сүйемелдеуді жүйелі ұйымдастыру, оқу процесін нақты бейімдеу технологиялары, жеке даму бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру алгоритмдері жеткілікті деңгейде ашылмайды.

Сонымен қатар, аутистік спектрінің бұзылыстары бар балалардың даму динамикасын бағалау, педагогикалық мониторинг жүргізу, деректер негізінде шешім қабылдау, мамандардың командалық өзара әрекеті және ата-аналармен жүйелі жұмыс жүргізу мәселелері көптеген бағдарламаларда толық қамтылмайды.

Талдау нәтижелері көрсеткендей, білім беру ұйымдарында аутистік спектрінің бұзылыстары бар балаларды тиімді сүйемелдеуді қамтамасыз ету үшін келесі бағыттар бойынша кешенді дайындық жеткіліксіз:

- психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастырудың нақты технологиялары мен алгоритмдері;
- оқу процесін баланың коммуникативтік, мінез-құлық және сенсорлық ерекшеліктеріне сәйкес бейімдеу технологиялары;
- жеке даму бағдарламаларын әзірлеу және іске асырудың жүйелі моделі;
- педагогикалық мониторинг және нәтижелерді талдау құралдары;
- мамандардың командалық өзара әрекетін ұйымдастыру технологиялары.

Ұсынылып отырған бағдарлама аталған олқылықтарды толықтыруға бағытталған және аутистік спектрінің бұзылыстары бар балаларды сүйемелдеудің кешенді, технологиялық және практикаға бағдарланған моделін ұсынады. Бағдарлама баланың даму ерекшеліктерін талдаудан бастап, оқу процесін бейімдеуге, жеке даму бағдарламаларын әзірлеуге, нәтижелерді бағалауға және түзетуге дейінгі толық педагогикалық циклді қамтиды.

Бағдарламаның ерекшелігі – оның жүйелілігінде, технологиялық бағыттылығында және нақты педагогикалық әрекеттерге негізделген мазмұнында. Бағдарлама педагогтердің кәсіби сенімділігін арттыруға, тиімді педагогикалық шешімдер қабылдау дағдыларын қалыптастыруға және білім беру ұйымдарында аутистік спектрінің бұзылыстары бар балаларды сапалы сүйемелдеуді қамтамасыз етуге бағытталған.

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Бағдарламаның мақсаты– білім беру ұйымдарында аутистік спектрінің бұзылыстары бар балаларды кешенді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу технологияларын тиімді ұйымдастыруға педагогтерді даярлау, олардың кәсіби құзыреттерін жүйелі дамыту және баланың жеке даму ерекшеліктерін ескере отырып оқу процесін бейімдеу, құрылымдау және нәтижеге бағытталған педагогикалық қолдау көрсету дағдыларын қалыптастыру.

Бағдарлама педагогтердің аутистік спектрінің бұзылыстары бар балалардың әлеуметтік өзара әрекет, коммуникация, мінез-құлық және танымдық даму ерекшеліктерін ғылыми-педагогикалық тұрғыдан түсінуіне,

психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің жүйелі моделін жобалауына және нақты педагогикалық жағдаяттарда тиімді, дәлелді шешімдер қабылдауына бағытталған.

Бағдарламаның мақсаты сондай-ақ білім беру ұйымында қауіпсіз, құрылымдалған және болжамды білім беру ортасын құру, жеке даму бағдарламаларын (ЖДБ) әзірлеу және іске асыру арқылы баланың әлеуетін ашуға және оның білім беру процесіне толыққанды қатысуын қамтамасыз ету болып табылады.

Бағдарламаның міндеттері

Бағдарламаны іске асыру барысында келесі міндеттерді шешу көзделеді:

– аутистік спектрінің бұзылыстары бар балалардың даму ерекшеліктерін кешенді педагогикалық талдау және олардың білім беру процесіне әсерін айқындау;

– психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің мазмұнын, қағидаттарын және құрылымын жүйелі түрде меңгерту;

– білім беру ұйымдарында сүйемелдеуді ұйымдастырудың технологиялары мен практикалық алгоритмдерін қалыптастыру;

– оқу процесін, тапсырмаларды және білім беру ортасын баланың коммуникативтік, танымдық және сенсорлық ерекшеліктеріне сәйкес бейімдеу технологияларын меңгерту;

– коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларды дамытуға бағытталған заманауи педагогикалық технологияларды практикада қолдану дағдыларын қалыптастыру;

– мінез-құлықтағы қиындықтарды функционалдық тұрғыдан талдау және оларды педагогикалық қолдау мен реттеу стратегияларын меңгерту;

– жеке даму бағдарламаларын (ЖДБ) әзірлеу, іске асыру және нәтижелерін бағалау бойынша жүйелі жұмыс жүргізу біліктерін қалыптастыру;

– баланың даму динамикасын мониторингтеу, нәтижелерін талдау және деректер негізінде педагогикалық шешім қабылдау дағдыларын дамыту;

– мамандардың (педагог, логопед, психолог және т.б.) командалық өзара әрекетін ұйымдастыру және ата-аналармен тиімді серіктестік орнату технологияларын меңгерту;

– педагогтің кәсіби рефлексиясын дамыту, тәжірибені талдау және кәсіби қызметін жетілдіру қабілетін қалыптастыру.

Бағдарламаның күтілетін нәтижелері

Бағдарламаны меңгеру нәтижесінде тыңдаушылар:

Біледі:

– аутистік спектрінің бұзылыстары бар балалардың даму ерекшеліктерін және олардың білім беру процесіне ықпалын;

– психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің ғылыми-әдістемелік негіздерін, қағидаттары мен құрылымын;

- білім беру процесін бейімдеу және құрылымдаудың негізгі технологияларын;
- мінез-құлықты педагогикалық тұрғыдан түсіндіру және қолдау тәсілдерін;
- жеке даму бағдарламасын әзірлеудің құрылымы мен мазмұнын;
- педагогикалық мониторинг және даму динамикасын бағалау технологияларын.

Істей алады:

- аутистік спектрінің бұзылыстары бар баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып білім беру ортасын бейімдеу және құрылымдау;
- оқу тапсырмаларын саралау, кезеңдеу және визуалды қолдау құралдарын тиімді қолдану;
- коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларды дамытуға бағытталған педагогикалық жұмысты ұйымдастыру;
- мінез-құлықтағы қиындықтарды анықтау, талдау және педагогикалық қолдау стратегияларын қолдану;
- жеке даму бағдарламасын (ЖДБ) әзірлеу, іске асыру және нәтижелерін бағалау;
- ата-аналармен және мамандармен бірлескен кәсіби өзара әрекетті жүзеге асыру;
- баланың даму нәтижелерін талдау және негізделген педагогикалық шешім қабылдау.

Меңгереді:

- аутистік спектрінің бұзылыстары бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің кешенді моделін;
- құрылымдалған, қауіпсіз және дамытушы білім беру ортасын құру технологияларын;
- кәсіби рефлексия және тәжірибені жүйелі талдау дағдыларын;
- нақты педагогикалық жағдаяттарда тиімді, дәлелді және нәтижеге бағытталған шешім қабылдау білігін.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Тыңдаушыларда курс мақсатына сәйкес кәсіби білімдерді, құзыреттерді, іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыру мақсатында бағдарламаның мазмұны 6 модульді меңгеруді көздейді.

1-модуль. Аутистік спектрінің бұзылыстары бар балалардың даму ерекшеліктері және педагогикалық түсінік негіздері	
Модульдің мақсаты	Модульдің міндеттері
Модульдің мақсаты – педагогтерде аутистік спектрінің бұзылыстары бар балалардың даму ерекшеліктері туралы ғылыми-педагогикалық негізделген, жүйелі түсінік	Модульді меңгеру барысында келесі міндеттерді шешу көзделеді: аутистік спектрінің бұзылыстары бар балалардың негізгі даму ерекшеліктерін сипаттау;

<p>қалыптастыру, олардың әлеуметтік өзара әрекет, коммуникация, мінез-құлық және сенсорлық өңдеу ерекшеліктерін білім беру жағдайында дұрыс талдай білу қабілетін дамыту. Модуль педагогтердің баланың мінез-құлқын сыртқы көрініс деңгейінде ғана емес, оның ішкі даму ерекшеліктері мен қажеттіліктері тұрғысынан түсінуіне, аутистік спектрінің бұзылыстары бар балалардың оқу процесіндегі қиындықтарының себеп-салдар байланысын анықтай алуына және педагогикалық шешім қабылдау үшін талдау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.</p>	<p>әлеуметтік өзара әрекет, коммуникация және мінез-құлық салаларындағы айырмашылықтарды түсіндіру; сенсорлық ерекшеліктердің баланың оқу әрекетіне әсерін талдау; баланың мінез-құлқын медициналық емес, педагогикалық тұрғыдан түсіндіру дағдыларын қалыптастыру; баланың жеке даму профилін талдау негіздерін меңгерту; педагогтің кәсіби ұстанымын қалыптастыру (қабылдау, түсіну, құрылымдау, қолдау).</p> <p>Модульдің күтілетін нәтижелері</p> <p>Модульді аяқтағаннан кейін педагогтер:</p> <p>Біледі:</p> <ul style="list-style-type: none"> аутистік спектрінің бұзылыстары бар балалардың негізгі даму ерекшеліктерін; әлеуметтік коммуникациядағы типтік қиындықтарды; мінез-құлық ерекшеліктерінің ықтимал себептерін; сенсорлық қабылдаудың ерекшеліктерін және олардың оқу процесіне әсерін. <p>Істей алады:</p> <ul style="list-style-type: none"> баланың мінез-құлқын педагогикалық тұрғыдан талдау; баланың даму ерекшеліктерін ескере отырып оқу жағдайын бағалау; баланың күшті жақтарын және қолдауды қажет ететін аймақтарын анықтау; нақты педагогикалық жағдаяттарды сараптау. <p>Меңгереді:</p> <ul style="list-style-type: none"> аутистік спектрінің бұзылыстары бар баланың даму профилін талдау моделін; педагогикалық бақылау жүргізудің бастапқы дағдыларын; кәсіби рефлексия негіздерін.
<p>Модульдің сипаттамасы</p> <p>Бұл модуль курстың теориялық және әдіснамалық негізін қалайды. Модуль аясында аутистік спектрінің бұзылыстары бар балалардың даму ерекшеліктері педагогикалық тұрғыдан қарастырылады. Ерекше назар әлеуметтік өзара</p>	

әрекеттегі айырмашылықтарға, коммуникация ерекшеліктеріне, қайталамалы мінез-құлыққа, сенсорлық сезімталдыққа және танымдық процестердің өзгешелігіне аударылады.

Модульде баланың мінез-құлқын «тәртіпсіздік» немесе «қиындық» ретінде емес, даму ерекшелігінің көрінісі ретінде түсіну ұстанымы қалыптастырылады. Педагогтер баланың мінез-құлқын талдау кезінде оның қажеттіліктерін, қоршаған ортаның ықпалын және оқу жағдайының құрылымын ескеруді үйренеді.

Сонымен қатар модуль педагогке баланың даму профилін анықтаудың бастапқы технологияларын меңгеруге мүмкіндік береді. Бақылау, талдау және кәсіби пайымдау дағдылары қалыптастырылады. Бұл келесі модульдерде психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыру үшін берік негіз болады.

2-модуль. Аутистік спектрінің бұзылыстары бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыру

Модульдің мақсаты

Модульдің мақсаты – педагогтерге аутистік спектрінің бұзылыстары бар балаларды білім беру жағдайында жүйелі түрде қолдауды ұйымдастыру жолдарын үйрету, сүйемелдеуді жоспарлау, жүзеге асыру және нәтижесін бағалау дағдыларын қалыптастыру.

Бұл модульде педагог баламен қалай жұмыс бастау керек, қандай ретпен әрекет ету керек, кіммен бірлесе жұмыс жүргізу қажет және баланың дамуын қалай бақылау керек деген сұрақтарға нақты жауап алады.

Модульдің міндеттері

Модульді меңгеру барысында келесі міндеттерді шешу көзделеді: психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің мәнін және негізгі бағыттарын түсіндіру; білім беру ұйымында сүйемелдеуді ұйымдастырудың кезеңдерін қарастыру; баланың жеке қажеттіліктерін анықтау технологияларын меңгерту; жеке даму бағдарламасын (ЖДБ) құрудың қарапайым әрі түсінікті алгоритмін беру; педагог, мамандар және ата-ана арасындағы өзара әрекетті ұйымдастыру жолдарын көрсету; баланың даму динамикасын бақылау және нәтижесін талдау технологияларын қалыптастыру.

Модульдің күтілетін нәтижелері

Модульді аяқтағаннан кейін мектепке дейінгі ұйым педагогтері:

Біледі:

психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің негізгі қағидаттарын; сүйемелдеуді ұйымдастырудың кезеңдерін; жеке даму бағдарламасының құрылымын; мамандар арасындағы командалық жұмыстың маңызын.

	<p>Істей алады: баланың қажеттіліктерін анықтау; жеке даму бағдарламасын құрастыру; сүйемелдеудің нақты жоспарын әзірлеу; ата-анамен және мамандармен бірлескен жұмыс ұйымдастыру; баланың дамуындағы өзгерістерді бақылап, талдау.</p> <p>Меңгереді: сүйемелдеуді жүйелі жоспарлау моделін; құжаттаманы дұрыс рәсімдеу дағдыларын; кәсіби жауапкершілік пен рефлексия негіздерін.</p>
--	--

Модульдің сипаттамасы

Бұл модуль теориядан практикаға өтетін маңызды кезең болып табылады. Егер бірінші модульде педагог баланың ерекшелігін түсінсе, бұл модульде сол түсінікті нақты әрекетке айналдыру үйретіледі.

Модуль барысында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің кезеңдері қарастырылады: бастапқы бақылау, қажеттіліктерді анықтау, жоспарлау, іске асыру, мониторинг және түзету. Педагог баламен жұмысты жүйесіз емес, нақты жоспармен ұйымдастыруды үйренеді.

Ерекше назар жеке даму бағдарламасын құрастыруға беріледі. Қатысушылар ЖДБ-ны қалай дұрыс жазу керек, мақсатты қалай нақты қою керек, күтілетін нәтижені қалай белгілеу керек және жұмыстың тиімділігін қалай бағалау керек деген сұрақтарды практика арқылы меңгереді.

Сонымен қатар модульде командалық жұмыс мәселесі қарастырылады. Педагог жалғыз жұмыс істемейді – психолог, логопед, дефектолог және ата-анамен бірлесе әрекет ету маңызды. Осы өзара байланыс баланың дамуына тікелей әсер етеді.

Модульдің соңында педагог сүйемелдеуді ұйымдастырудың нақты, түсінікті және қолдануға дайын алгоритмін меңгереді.

3-модуль. Аутистік спектрінің бұзылыстары бар балалар үшін оқу процесін бейімдеу және құрылымдау

<p>Модульдің мақсаты Модульдің мақсаты – педагоггерге аутистік спектрінің бұзылыстары бар балалар үшін оқу процесін түсінікті, қауіпсіз және құрылымдалған түрде ұйымдастыру жолдарын үйрету, оқу тапсырмаларын баланың</p>	<p>Модульдің міндеттері Модульді меңгеру барысында келесі міндеттерді шешу көзделеді: оқу процесін құрылымдаудың маңызын түсіндіру; күн тәртібін және сабақ құрылымын ұйымдастыру технологияларын қарастыру;</p>
---	---

<p>жеке ерекшеліктеріне сәйкес бейімдеу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Бұл модуль педагогке “баламен қалай оқыту керек?” деген негізгі сұраққа нақты жауап береді.</p>	<p>визуалды қолдауды қолдану жолдарын меңгерту;</p> <p>оқу тапсырмаларын жеңілдету және күрделендіру технологияларын көрсету;</p> <p>сенсорлық ерекшеліктерді ескере отырып ортаны бейімдеу жолдарын үйрету;</p> <p>баланың зейінін ұйымдастыру және оқу әрекетіне тарту технологияларын қалыптастыру.</p>
	<p>Модульдің күтілетін нәтижелері</p> <p>Модульді аяқтағаннан кейін мектепке дейінгі ұйым педагогтері:</p> <p>Біледі:</p> <p>құрылымдалған оқытудың аутистік спектрінің бұзылыстары бар балалар үшін неге маңызды екенін және оның баланың қауіпсіздік сезімі мен оқу белсенділігіне қалай әсер ететінін;</p> <p>визуалды қолдаудың негізгі түрлерін (күн тәртібі, пиктограмма, қадамдық нұсқаулық, визуалды ережелер) және оларды қолдану мақсаттарын;</p> <p>оқу тапсырмаларын баланың танымдық және коммуникативтік деңгейіне сәйкес бейімдеу принциптерін;</p> <p>білім беру ортасын дұрыс ұйымдастырудың баланың мінез-құлқына, зейініне және эмоционалдық тұрақтылығына әсерін.</p> <p>Істей алады:</p> <p>баланың күн тәртібін визуалды түрде құрастырып, оны тұрақты қолдана алады;</p> <p>сабақты нақты құрылымдап, басталуы мен аяқталуын түсінікті етіп ұйымдастыра алады;</p> <p>оқу тапсырмаларын жеңілдету немесе күрделендіру арқылы баланың деңгейіне бейімдей алады;</p> <p>ақпараттық және сенсорлық артық жүктемені азайтып, баланың зейінін сақтауға жағдай жасай алады;</p> <p>сенсорлық жайлылықты қамтамасыз ету үшін оқу ортасына шағын, бірақ маңызды өзгерістер енгізе алады.</p>

	<p>Меңгереді: аутистік спектрінің бұзылыстары бар балалар үшін құрылымдалған оқу ортасын ұйымдастырудың жүйелі моделін; бейімделген тапсырмалар жүйесін кезең-кезеңімен құрастыру дағдыларын; баланың оқу әрекетін тұрақтандыруға және оның сабаққа қосылуын арттыруға бағытталған тиімді педагогикалық технологияларді.</p>
--	---

Модульдің сипаттамасы

Бұл модульде педагог баланың ерекшелігін түсініп қана қоймай, оқу процесін соған сәйкес ұйымдастыруды үйренеді. Аутистік спектрінің бұзылыстары бар балалар үшін ең маңызды факторлардың бірі – болжамдылық пен құрылым. Егер орта түсінікті және тұрақты болса, бала өзін қауіпсіз сезінеді және оқу процесіне жақсырақ қосылады.

Модуль барысында сабақ құрылымын қарапайым әрі нақты ету, күн тәртібін визуалды түрде көрсету, тапсырмаларды кезең-кезеңімен беру, күрделі ақпаратты жеңілдету жолдары қарастырылады.

Сонымен қатар сенсорлық ерекшеліктерді ескеру маңызды мәселе ретінде талданады. Шу, жарық, артық визуалды ақпарат баланың оқуына кедергі келтіруі мүмкін. Педагог ортаға шағын өзгерістер енгізу арқылы баланың оқу белсенділігін арттыра алатыны көрсетіледі.

Модуль практикалық бағытта ұйымдастырылады: қатысушылар нақты жағдайларды талдайды, бейімделген тапсырмалар әзірлейді және құрылымдалған сабақ үлгілерін құрастырады.

4-модуль. Аутистік спектрінің бұзылыстары бар балалардың коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларын дамыту

Модульдің мақсаты
Модульдің мақсаты – педагогтерге аутистік спектрінің бұзылыстары бар балалардың коммуникация және әлеуметтік өзара әрекет ерекшеліктерін ескере отырып, олардың қарым-қатынас жасау, өз ойын білдіру және қоршаған ортамен байланыс орнату дағдыларын дамыту жолдарын меңгерту.
Бұл модуль педагогке баланың сөйлеу бар немесе жоқ болуына қарамастан, оны

Модульдің міндеттері
Модульді меңгеру барысында келесі міндеттерді шешу көзделеді:
аутистік спектрінің бұзылыстары бар балалардың коммуникативтік даму ерекшеліктерін түсіндіру;
вербалды және вербалды емес коммуникация түрлерін қарастыру;
баланың қарым-қатынас жасауға деген ынтасын арттыру технологияларын көрсету;
альтернативті және қосымша коммуникация құралдарын қолдану жолдарын меңгерту;
әлеуметтік дағдыларды кезең-кезеңімен қалыптастыру алгоритмін ұсыну;

<p>қарым-қатынасқа тарту, өз қажеттілігін білдіруге үйрету және әлеуметтік ортаға біртіндеп қосу технологияларын үйретуге бағытталған.</p>	<p>топ ішінде өзара әрекеттесуді ұйымдастыру технологияларын үйрету; әлеуметтік жағдайларды модельдеу және жаттықтыру технологияларын қарастыру.</p> <p>Модульдің күтілетін нәтижелері Модульді аяқтағаннан кейін мектепке дейінгі ұйым педагогтері: Біледі: аутистік спектрінің бұзылыстары бар балалардың коммуникация ерекшеліктерін; әлеуметтік өзара әрекеттегі қиындықтардың себептерін; альтернативті коммуникация құралдарының мүмкіндіктерін; әлеуметтік дағдыларды дамыту кезеңдерін.</p> <p>Істей алады: баланың қарым-қатынас жасау қажеттілігін анықтай алады; вербалды және визуалды қолдау арқылы коммуникацияны ұйымдастыра алады; альтернативті коммуникация құралдарын қолдана алады; әлеуметтік жағдайларды алдын ала түсіндіріп, жаттықтыра алады; топтағы өзара әрекетке баланы біртіндеп енгізе алады.</p> <p>Меңгереді: коммуникативтік дағдыларды жүйелі дамыту моделін; әлеуметтік бейімдеуді кезең-кезеңімен ұйымдастыру технологияларын; қарым-қатынасқа бағытталған құрылымдалған жұмыс алгоритмін.</p>
<p>Модульдің сипаттамасы Бұл модуль аутистік спектрінің бұзылыстары бар балалардың ең маңызды даму аймағына – коммуникация мен әлеуметтік өзара әрекетке бағытталған. Көп жағдайда мұндай балалар қарым-қатынас жасағысы келмейді емес, олар оны қалай жасау керектігін білмейді немесе түсінбейді. Сондықтан педагогтің міндеті – баланы мәжбүрлеу емес, оған түсінікті, қауіпсіз және қолжетімді қарым-қатынас жолдарын ұсыну. Модуль барысында баланың сөйлеу тілінің бар немесе жоқ болуына қарамастан коммуникацияны дамыту жолдары қарастырылады. Визуалды карточкалар,</p>	

қадамдық нұсқаулықтар, қарапайым таңдау беру, қысқа әрі нақты сөйлеу үлгілері сияқты технологиялар талданады.

Сонымен қатар әлеуметтік дағдыларды табиғи жағдайда қалыптастыру мәселесі қарастырылады: кезек күту, бірге ойнау, ережені сақтау, эмоцияны түсіну, көмек сұрау, "жоқ" деп айту сияқты базалық дағдыларды дамыту жолдары көрсетіледі.

Модуль практикалық бағытта ұйымдастырылады. Педагогтер нақты жағдайларды талдайды, әлеуметтік сценарийлер құрастырады, қарым-қатынасқа тартудың қарапайым әрі тиімді әдістерін меңгереді.

Бұл модуль педагогке баланың тек білім алуын емес, ең алдымен оның әлеуметтік өмірге қосылуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

5-модуль. Аутистік спектрінің бұзылыстары бар балалардың мінез-құлқын педагогикалық қолдау және реттеу стратегиялары

<p>Модульдің мақсаты Модульдің мақсаты – педагогтерді аутистік спектрінің бұзылыстары бар балалардың мінез-құлқындағы қиындықтарды кәсіби деңгейде талдауға, олардың пайда болу себептерін анықтауға және білім беру жағдайында тиімді педагогикалық қолдау мен реттеу стратегияларын жүйелі түрде қолдануға даярлау.</p> <p>Модуль педагогтің мінез-құлықты сыртқы көрініс ретінде ғана емес, баланың қажеттіліктері мен даму ерекшеліктерінің көрінісі ретінде қарастыру қабілетін тереңдетуге және алдын алу мен қолдауға негізделген жұмыс моделін қалыптастыруға бағытталған.</p>	<p>Модульдің міндеттері мінез-құлықтың функционалдык себептерін анықтау технологияларын меңгерту; қиын мінез-құлықтың триггерлерін (қоздырғыш факторларын) талдау дағдыларын қалыптастыру; алдын алу стратегияларын жоспарлау жолдарын үйрету; позитивті мінез-құлықты қалыптастыру және күшейту технологияларын көрсету; өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту әдістерін меңгерту; дағдарыс жағдайында педагогтің әрекет алгоритмін қалыптастыру; мінез-құлықты реттеу бойынша жеке қолдау жоспарын құру дағдыларын дамыту.</p> <p>Модульдің күтілетін нәтижелері Модульді аяқтағаннан кейін педагогтер: Біледі: мінез-құлықтың функционалдык талдау принциптерін; сенсорлық, коммуникативтік және эмоциялық факторлардың мінез-құлыққа ықпалын; алдын алу стратегияларының түрлерін; позитивті қолдау моделінің негізгі қағидаттарын.</p> <p>Істей алады: қиын мінез-құлықтың себебін жүйелі талдай алады;</p>
---	--

	<p>триггерлерді анықтап, алдын алу жоспарын құра алады; позитивті мінез-құлықты күшейту технологияларын қолдана алады; баланың өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту жұмысын ұйымдастыра алады; дағдарыс жағдайында қауіпсіз және кәсіби әрекет ете алады.</p> <p>Меңгереді: мінез-құлықты педагогикалық қолдаудың жүйелі моделін; алдын алу және реттеу стратегияларын практикалық қолдану дағдыларын; кәсіби тұрақтылық пен эмоциялық бақылау қабілетін.</p>
--	--

Модульдің сипаттамасы

Бұл модуль аутистік спектрінің бұзылыстары бар балалардың мінез-құлқын басқаруға емес, оны педагогикалық тұрғыдан қолдауға және реттеуге бағытталған кәсіби стратегияларды меңгеруге арналған.

Модуль барысында мінез-құлықты функционалдық талдау технологиялары қарастырылады: мінез-құлық қандай жағдайда пайда болады, оның алдында не болды, нәтижесінде не өзгерді деген сұрақтар арқылы себеп-салдар байланысы анықталады.

Ерекше назар алдын алу стратегияларына аударылады. Педагог қиындық туындаған кезде ғана әрекет етпей, жағдайды алдын ала жоспарлау арқылы мінез-құлықтың шиеленісуін болдырмауды үйренеді. Құрылымдау, визуалды қолдау, таңдау беру, сенсорлық реттеу, күту уақытын енгізу сияқты технологиялар талданады.

Сонымен қатар позитивті мінез-құлықты қолдау принциптері қарастырылады. Жазалау емес, дұрыс әрекетті күшейту, нақты және түсінікті кері байланыс беру, шағын жетістікті бекіту технологиялары ұсынылады.

Модуль педагогтің кәсіби сенімділігін арттырады және қиын мінез-құлық жағдайында жүйелі, сабырлы және негізделген шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

6-модуль. Аутистік спектрінің бұзылыстары бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің кешенді моделін жобалау және кәсіби рефлексия

<p>Модульдің мақсаты Модульдің мақсаты – педагогтердің аутистік спектрінің бұзылыстары бар балалармен жұмыс барысында</p>	<p>Модульдің міндеттері Модульді меңгеру барысында келесі міндеттерді шешу көзделеді: сүйемелдеудің барлық кезеңдерін біріктіретін тұтас модель құруға үйрету;</p>
---	---

<p>меңгерген білімдері мен дағдыларын біріктіре отырып, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің кешенді моделін құрастыру қабілетін қалыптастыру және кәсіби рефлексия негізінде педагогикалық тәжірибені жетілдіру.</p>	<p>жеке даму бағдарламасын жүйелі жобалау дағдыларын жетілдіру; оқу процесін бейімдеу, коммуникацияны дамыту және мінез-құлықты қолдау стратегияларын бір жүйеге келтіру; нақты педагогикалық жағдайларды кешенді талдау дағдыларын қалыптастыру; кәсіби рефлексия жүргізу технологияларын меңгерту; педагогтің кәсіби даму траекториясын жоспарлау дағдыларын дамыту.</p> <p>Модульдің күтілетін нәтижелері Модульді аяқтағаннан кейін педагогтер: Біледі: кешенді сүйемелдеу моделінің құрылымын; жеке даму бағдарламасын жобалаудың толық алгоритмін; педагогикалық шешім қабылдаудың кезеңдерін; кәсіби рефлексияның маңызын.</p> <p>Істей алады: аутистік спектрінің бұзылыстары бар балаға арналған кешенді сүйемелдеу жоспарын құрастыра алады; оқу ортасын, коммуникацияны дамыту және мінез-құлықты қолдау стратегияларын біріктіре алады; нақты педагогикалық жағдайды кешенді талдай алады; өз тәжірибесін бағалап, жетілдіру бағыттарын анықтай алады.</p> <p>Меңгереді: жүйелі педагогикалық ойлау моделін; кешенді қолдау стратегияларын интеграциялау дағдыларын; кәсіби рефлексия және өзін-өзі жетілдіру қабілетін.</p>
<p>Модульдің сипаттамасы Бұл модуль курстың қорытынды бөлігі болып табылады және барлық алдыңғы модульдерде қарастырылған мазмұнды біріктіреді.</p>	

Модуль барысында педагог аутистік спектрінің бұзылыстары бар балаға арналған кешенді сүйемелдеу моделін құрастырады. Бұл модель баланың даму ерекшеліктерін талдаудан бастап, оқу процесін бейімдеу, коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларды дамыту, мінез-құлықты қолдау стратегияларын қамтиды. Қатысушылар нақты педагогикалық жағдайларды талдап, шешім қабылдау алгоритмін қолданады. Теория практикамен ұштасады: әр педагог өз тәжірибесіне негізделген шағын жобаны әзірлейді. Сонымен қатар кәсіби рефлексияға ерекше мән беріледі. Педагог өз әрекеттерін талдауды, тиімді және тиімсіз технологияларді саралауды, әрі қарай кәсіби даму бағытын анықтауды үйренеді. Бұл модуль педагогтің сенімділігін арттырады және аутистік спектрінің бұзылыстары бар балалармен жүйелі, кәсіби және нәтижелі жұмыс жүргізуге мүмкіндік береді.

80 академиялық сағатқа арналған оқу-тақырыптық жоспар

№	Сабақтың тақырыптары	Теория	Практика	Өзіндік жұмыс	Барлығы
1	1-модуль. Аутистік спектрінің бұзылыстары бар балалардың даму ерекшеліктері және педагогикалық түсінік негіздері	5	4	3	12
1.1	Аутистік спектрінің бұзылыстары: жалпы сипаттамасы және негізгі белгілері	2	1	0	3
1.2	Әлеуметтік өзара әрекет және коммуникация ерекшеліктері	1	1	1	3
1.3	Сенсорлық ерекшеліктер және олардың оқу процесіне әсері	1	1	1	3
1.4	Баланың даму профилін педагогикалық талдау	1	1	1	3
2	2-модуль. Аутистік спектрінің бұзылыстары бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыру	5	7	2	14
2.1	Сүйемелдеудің қағидааттары	2	1	0	3

2.2	Сүйемелдеуді ұйымдастыру алгоритмі	1	2	0	3
2.3	Жеке даму бағдарламасы (ЖДБ): құрылымы және әзірлеу	1	2	1	4
2.4	Даму динамикасын бақылау және бағалау	1	2	1	4
3	3-модуль. Аутистік спектрінің бұзылыстары бар балалар үшін оқу процесін бейімдеу және құрылымдау	6	8	2	16
3.1	Құрылымдалған оқытудың негіздері	2	1	0	3
3.2	Визуалды қолдау және күн тәртібін ұйымдастыру	1	2	0	3
3.3	Сабақ пен тапсырмаларды бейімдеу технологиялары	1	2	1	4
3.4	Сенсорлық орта мен оқу кеңістігін бейімдеу	1	2	1	4
3.5	Зейінді ұйымдастыру және оқу белсенділігін арттыру	1	1	1	3
4	4-модуль. Аутистік спектрінің бұзылыстары бар балалардың коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларын дамыту	4	6	4	14
4.1	Коммуникация ерекшеліктері	1	1	1	3
4.2	Альтернативті және қосымша коммуникация құралдары	1	2	1	4
4.3	Әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру кезеңдері	1	2	1	4
4.4	Әлеуметтік жағдайларды модельдеу	1	1	1	3
5	5-модуль. Аутистік спектрінің бұзылыстары бар балалардың мінез-құлқын педагогикалық қолдау	4	6	4	14

	және реттеу стратегиялары				
5.1	Мінез-құлықтың функционалдық талдауы	1	1	1	3
5.2	Триггерлерді анықтау және алдын алу стратегиялары	1	2	1	4
5.3	Позитивті мінез-құлықты қолдау	1	2	1	4
5.4	Дағдарыс жағдайында әрекет ету алгоритмі	1	1	1	3
6	6-модуль. Аутистік спектрінің бұзылыстары бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің кешенді моделін жобалау және кәсіби рефлексия	3	7	0	10
6.1	Кешенді сүйемелдеу моделін құрастыру	1	2	0	3
6.2	Педагогикалық жағдайларды кешенді талдау	1	2	0	3
6.3	Жобалық жұмыс әзірлеу	0	3	0	3
6.4	Қорытынды рефлексия және жобаны қорғау	1	0	0	1
	Барлығы	27	38	15	80

6. Оқу үдерісін ұйымдастыру

Білім беру бағдарламасы «Аутистік спектрінің бұзылыстары бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу» тақырыбы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру курстары аясында жүзеге асырылады және педагогтердің үздіксіз кәсіби даму қағидаттарын ескере отырып, теориялық және практикалық компоненттердің үйлесіміне негізделеді.

Бағдарлама педагогтердің аутистік спектрінің бұзылыстары бар балалармен жұмыс жүргізудегі кәсіби құзыреттерін дамытуға, сүйемелдеуді жүйелі ұйымдастыруға, оқу процесін бейімдеуге, коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларды дамытуға, сондай-ақ мінез-құлықты педагогикалық қолдау стратегияларын практикада қолдануға бағытталған.

Бағдарламаның жалпы көлемі 80 академиялық сағатты құрайды.

Оқыту форматы мен режимі

Бағдарлама білім беру ұйымының техникалық мүмкіндіктеріне және тыңдаушылардың сұранысына байланысты келесі форматтарда жүзеге асырылады:

- күндізгі (аудиториялық) формат;
- қашықтан оқыту форматы (цифрлық білім беру платформалары арқылы);
- аралас (гибридті) формат.

80 академиялық сағат көлеміндегі бағдарлама 10 оқу күні ішінде (күніне 8 академиялық сағат) немесе оқу кестесіне сәйкес кезең-кезеңімен ұйымдастырылуы мүмкін.

Тыңдаушылар санаты

Бағдарлама келесі педагогикалық қызметкерлерге арналған:

- логопедтерге, дефектологтерге, педагог-психологтерге;
- аутистік спектрінің бұзылыстары бар балалармен жұмыс жүргізетін педагогтерге;
- психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыруға қатысатын мамандарға;
- әдістемелік қолдауға мұқтаж жас мамандарға.

Бағдарлама аутистік спектрінің бұзылыстары бар балалармен жұмыс істеуде жүйелі, құрылымдалған және нәтижеге бағытталған технологияларді меңгеруге бағытталған.

Оқыту нысандары

Бағдарлама аралас оқыту нысанында жүзеге асырылады және келесі қызмет түрлерін қамтиды.

Күндізгі (аудиториялық) сабақтар:

- дәрістер;
- практикалық сабақтар;
- семинарлар;
- тренингтер;
- мастер-кластар;
- топтық және жобалық жұмыс;

- педагогикалық жағдаяттарды талдау;
- жеке даму бағдарламаларын әзірлеуге арналған практикумдар.

Қашықтан оқыту сабақтары:

- вебинарлар;
- онлайн-консультациялар;
- бейнематериалдар;
- интерактивті тапсырмалар;
- цифрлық платформалар арқылы практикалық жұмыстар орындау.

Тыңдаушылардың өзіндік жұмысы

Өзіндік жұмыс бағдарламаның маңызды бөлігі болып табылады және келесі бағыттарды қамтиды:

- нақты педагогикалық жағдайларды талдау;
- аутистік спектрінің бұзылыстары бар балаға арналған жеке даму бағдарламасын (ЖДБ) әзірлеу;
- оқу процесін бейімдеу бойынша материалдар дайындау;
- мінез-құлықты қолдау жоспарын құрастыру;
- шағын жобалық жұмыс әзірлеу;
- кәсіби портфолио қалыптастыру.

Қорытынды аттестаттау

Қорытынды аттестаттау тыңдаушылардың аутистік спектрінің бұзылыстары бар балаларды сүйемелдеу саласындағы кәсіби құзыреттерінің қалыптасу деңгейін бағалауға бағытталған.

Аттестаттау келесі нысандарда өткізіледі:

Қорытынды жобаны қорғау

Тыңдаушы аутистік спектрінің бұзылыстары бар балаға арналған кешенді сүйемелдеу жобасын ұсынады. Жоба мыналарды қамтуы мүмкін:

- жеке даму бағдарламасы;
- оқу процесін бейімдеу үлгісі;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту жоспары;
- мінез-құлықты қолдау стратегиялары;

- кешенді сүйемелдеу моделі.

Педагогикалық тәжірибені таныстыру

Тыңдаушы өз тәжірибесінде қолданған технологиялар мен олардың нәтижелерін талдайды.

Қорытынды тестілеу

Теориялық және практикалық білімді тексеру мақсатында (курс ұйымдастырушыларының шешімі бойынша) тестілеу жүргізілуі мүмкін.

Қолданылатын білім беру технологиялары мен оқыту әдістері

Интерактивті оқыту нысандары:

- пікірталас-семинарлар;
- топтық талқылаулар;
- практикалық воркшоптар;
- педагогикалық кейстерді талдау.

Практикаға бағдарланған тәсіл:

- жеке даму бағдарламаларын әзірлеу;
- құрылымдалған оқу ортасын жобалау;
- коммуникативтік және мінез-құлықтық қолдау жоспарларын құрастыру;
- нақты педагогикалық жағдайларды шешу.

Цифрлық білім беру ортасы:

- бейнематериалдар;
- онлайн-платформалар;
- интерактивті тапсырмалар;
- цифрлық құралдар арқылы мониторинг жүргізу.

Рефлексия және өзін-өзі бағалау:

- кәсіби әрекетті талдау;
- қолданылған стратегиялардың тиімділігін бағалау;
- кәсіби даму бағыттарын айқындау.

Қорытынды сипаттама

Бағдарламаның оқу үдерісі теория мен практиканың үйлесіміне негізделген. Тыңдаушылар тек ақпарат алып қана қоймай, оны нақты педагогикалық жағдайларда қолдануды үйренеді.

Бағдарлама аутистік спектрінің бұзылыстары бар балаларды сүйемелдеуді жүйелі ұйымдастыруға, құрылымдалған және қауіпсіз оқу ортасын қалыптастыруға, коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларды дамытуға, сондай-ақ мінез-құлықты педагогикалық қолдау стратегияларын тиімді қолдануға бағытталған.

7. Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

Дидактикалық тәсіл	<p>Бағдарламаның дидактикалық негізі практикаға бағдарланған, іс-әрекеттік және құзыреттілікке негізделген технологияларға сүйенеді. Оқыту барысында педагогтер тек теориялық білім алып қана қоймай, оны нақты педагогикалық жағдайларда қолдану дағдыларын қалыптастырады.</p> <p>Бағдарлама аутистік спектрінің бұзылыстары бар балалардың даму ерекшеліктерін ескере отырып, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді жүйелі ұйымдастыруға бағытталған. Оқыту үдерісінде педагогтердің талдау, жоспарлау, бейімдеу және кәсіби шешім қабылдау қабілеттері дамытылады.</p> <p>Ерекше назар:</p> <ul style="list-style-type: none">құрылымдалған оқу ортасын ұйымдастыруға;жеке даму бағдарламасын әзірлеуге;коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларды дамытуға;мінез-құлықты педагогикалық қолдау стратегияларын қолдануға;кәсіби рефлексия мен тәжірибені талдауға аударылады. <p>Оқыту педагогтің кәсіби ойлауын жаңартуға және жүйелі жұмыс моделін қалыптастыруға бағытталған.</p> <p>Оқыту әдістері</p> <p>Бағдарламаны іске асыру барысында келесі әдістер қолданылады:</p> <ul style="list-style-type: none">интерактивті дәрістер;практикалық семинарлар;тренингтер және мастер-кластар;
--------------------	--

	<p>педагогикалық кейстерді талдау; нақты жағдайларға негізделген тапсырмалар; жеке даму бағдарламаларын әзірлеу; құрылымдалған оқу ортасын жобалау; жобалық жұмыс. Оқыту барысында қатысушылар белсенді талқылауға, топтық жұмысқа және тәжірибелік тапсырмаларға тартылады.</p>
Теориялық материал	<p>Теориялық бөлім аутистік спектрінің бұзылыстары бар балалардың даму ерекшеліктерін педагогикалық тұрғыдан түсіндіруге, сүйемелдеудің жүйелі моделін қалыптастыруға және тиімді педагогикалық шешім қабылдауға бағытталған.</p> <p>Модульдер бойынша теориялық материал</p> <p>1-модуль. Аутистік спектрінің бұзылыстары бар балалардың даму ерекшеліктерінің педагогикалық негіздері</p> <p>Аутистік спектрінің бұзылыстары туралы жалпы педагогикалық түсінік.</p> <p>РАС бар балалардың мінез-құлық, коммуникация және әлеуметтік өзара әрекет ерекшеліктері.</p> <p>Сенсорлық қабылдау ерекшеліктерінің оқу процесіне әсері.</p> <p>Педагогтің кәсіби рөлі және аутистік спектрі бар баламен жұмыс кезіндегі жауапкершілігі.</p> <p>2-модуль. Аутистік спектрінің бұзылыстары бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің теориялық негіздері</p> <p>Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің мәні мен қағидаттары.</p> <p>Сүйемелдеудің кезеңдері және жүйелі ұйымдастыру моделі.</p> <p>Баланың даму профилін педагогикалық талдау негіздері.</p> <p>Коммуникация мен әлеуметтік дағдыларды дамытудың теориялық тұғырлары.</p> <p>Мінез-құлықты педагогикалық қолдау қағидаттары.</p> <p>3-модуль. Жеке даму бағдарламасын әзірлеудің теориялық негіздері</p>

Жеке даму бағдарламасының мақсаты мен құрылымы.

Мақсат қою және қысқа мерзімді нәтижелерді анықтау қағидаттары.

Баланың күшті және әлсіз жақтарын ескеру.

Командалық өзара әрекет және ата-анамен серіктестік.

Сүйемелдеудің жүйелілігі мен сабақтастығын қамтамасыз ету.

4-модуль. Оқу процесін бейімдеудің педагогикалық негіздері

Құрылымдалған оқыту қағидаттары.

Күн тәртібін ұйымдастыру және визуалды қолдау жүйесі.

Сабақты бейімдеу және тапсырмаларды саралау.

Оқу ортасын ұйымдастыру: кеңістік, визуалды белгілер, тұрақтылық.

Әлеуметтік өзара әрекетті қолдау технологиялары.

5-модуль. Коммуникативтік және мінез-құлықтық қолдаудың теориялық негіздері

Вербалды және альтернативті коммуникация негіздері.

Әлеуметтік дағдыларды қалыптастырудың педагогикалық технологиялары.

Мінез-құлықтың себеп-салдарлық байланысын түсіну.

Қолайлы мінез-құлықты қалыптастыру стратегиялары.

Проблемалық мінез-құлықтың алдын алу қағидаттары.

6-модуль. Педагогтің кәсіби рефлексиясы және сүйемелдеудің тиімділігін бағалау

Сүйемелдеу нәтижелерін педагогикалық бағалау негіздері.

Даму динамикасын бақылау және мониторинг жүргізу.

Кәсіби рефлексияның мәні.

Педагогтің кәсіби құзыреттерін жетілдіру жолдары.

Практикалық тәжірибені талдау және жүйелеу

<p>Оқу материалын меңгеруге арналған тапсырмалар</p>	<p>Бағдарламаның практикалық бөлігі педагогтердің аутистік спектрінің бұзылыстары бар балалармен жұмыс жүргізуде нақты кәсіби дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Практикалық тапсырмалар теориялық білімді бекітуге ғана емес, оны нақты педагогикалық жағдайларда қолдануға мүмкіндік береді.</p> <p>Практикалық бөлім барысында тыңдаушылар: баланың даму профилін талдайды; жеке даму бағдарламасын әзірлейді; оқу процесін бейімдеу үлгілерін құрастырады; визуалды қолдау материалдарын дайындайды; коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларды дамытуға арналған тапсырмалар жүйесін жасайды; мінез-құлықты қолдау стратегияларын жоспарлайды; нақты педагогикалық жағдаяттарды шешеді.</p> <p>Практикалық материал тренингтер, воркшоптар, кейс-талдау, топтық жұмыс және жобалық тапсырмалар форматында ұйымдастырылады.</p> <p>Модульдер бойынша практикалық материал 1-модуль. Аутистік спектрінің бұзылыстары бар балалардың даму ерекшеліктерін талдау Баланың мінез-құлық ерекшеліктерін бақылау және талдау. Сенсорлық ерекшеліктерді анықтауға арналған практикалық тапсырмалар. Коммуникация деңгейін бағалау жаттығулары. Нақты педагогикалық жағдайларды талдау.</p> <p>2-модуль. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді жоспарлау Сүйемелдеудің кезеңдік жоспарын әзірлеу. Баланың күшті және әлсіз жақтарын анықтау. Коммуникативтік дағдыларды дамытуға арналған практикалық тапсырмалар құрастыру. Мінез-құлықты қолдау жоспарының жобасын жасау.</p> <p>3-модуль. Жеке даму бағдарламасын әзірлеу Жеке даму бағдарламасының құрылымын толтыру.</p> <p>Қысқа және ұзақ мерзімді мақсаттар қою.</p>
--	---

	<p>Мониторинг кестесін құрастыру. Командалық талқылау және түзету енгізу. 4-модуль. Оқу процесін бейімдеу Сабақ құрылымын бейімдеу үлгісін әзірлеу. Визуалды кесте және күн тәртібі үлгісін жасау. Құрылымдалған жұмыс бұрышын жобалау. Әлеуметтік өзара әрекетті қолдау жаттығуларын құрастыру. 5-модуль. Коммуникация мен мінез-құлықты қолдау Альтернативті коммуникация құралдарының үлгісін дайындау. Әлеуметтік дағдыларды дамытуға арналған сценарийлер әзірлеу. Проблемалық мінез-құлықтың себептерін талдау. Қолайлы мінез-құлықты нығайту стратегияларын жоспарлау. 6-модуль. Сүйемелдеу нәтижелерін бағалау және кәсіби рефлексия Даму динамикасын бағалау кестесін толтыру. Нәтижелерді талдау және түзету енгізу. Кәсіби рефлексия жүргізу. Қорытынды жобаны әзірлеу және қорғау.</p>
<p>Өзін-өзі бағалау критерийлері</p>	<p>Кәсіби ілгерілеуді және аутистік спектрінің бұзылыстары бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу саласындағы құзыреттердің қалыптасу деңгейін бағалау үшін тыңдаушылар келесі критерийлерді қолданады: практикалық тапсырмалардың орындалу толықтығы мен сапасы, олардың нақты аутистік спектрінің бұзылыстары бар балалармен жұмыс жағдайына сәйкестігі; әзірленген жеке даму бағдарламаларының, бейімделген оқу материалдарының, визуалды қолдау құралдарының және мінез-құлықты қолдау жоспарларының әдістемелік негізділігі мен практикалық құндылығы; аутистік спектрінің бұзылыстары бар балалармен жұмыс барысында құрылымдалған оқыту элементтерін, коммуникативтік қолдау технологияларын және мінез-құлықты</p>

	<p>педагогикалық реттеу стратегияларын қолдану қабілеті;</p> <p>баланың жеке даму профилін ескере отырып оқу процесін бейімдеу, қысқа және ұзақ мерзімді мақсаттар қою, сүйемелдеуді кезең-кезеңімен жоспарлау білігі;</p> <p>психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу нәтижелерін талдау, даму динамикасын бағалау және түзету енгізу қабілеті;</p> <p>кәсіби рефлексия деңгейі, қолданылған педагогикалық технологиялардың тиімділігін бағалай алу және жетілдіру жолдарын анықтау білігі;</p> <p>аутистік спектрінің бұзылыстары бар балалармен жұмыс саласында кәсіби дамуды саналы жоспарлау және өзінің кәсіби өсу траекториясын айқындай алу қабілеті.</p>
--	---

8. Оқу нәтижелерін бағалау

8.1 Бағалаудың мақсаттары мен қағидағтары

Педагогтердің біліктілігін арттыру бағдарламасы аясында оқу нәтижелерін бағалау тыңдаушылардың аутистік спектрінің бұзылыстары бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу саласындағы теориялық білімдерін, практикалық дағдыларын және кәсіби құзыреттерін меңгеру деңгейін жүйелі әрі объективті түрде анықтауға бағытталған.

Бағалау педагогтердің аутистік спектрінің бұзылыстары бар балалардың даму ерекшеліктерін түсіну деңгейін, олардың коммуникативтік, әлеуметтік және мінез-құлықтық ерекшеліктерін ескере отырып педагогикалық шешім қабылдау қабілетін, сондай-ақ психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді жоспарлау және ұйымдастыру білігін айқындауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар бағалау барысында педагогтердің оқу процесін құрылымдау, визуалды қолдау құралдарын қолдану, жеке даму бағдарламаларын әзірлеу, коммуникативтік дағдыларды дамытуға бағытталған әдістерді таңдау және мінез-құлықты педагогикалық қолдау стратегияларын тиімді жүзеге асыру қабілеттері талданады.

Бағдарлама бойынша тыңдаушылардың оқу нәтижелерін бағалау қалыптастырушы және жиынтық бағалау негізінде жүзеге асырылады және педагогтердің кәсіби құзыреттерінің қалыптасу деңгейін анықтауға бағытталған.

Бағалау процесі теориялық білімді меңгеру деңгейін ғана емес, сонымен қатар педагогтердің практикалық дағдыларын, технологияларды қолдану қабілетін және нақты педагогикалық жағдаяттарда шешім қабылдау білігін кешенді түрде анықтауды көздейді.

Бағалау түрлері

1. Кіріс диагностикасы

Курс басында тыңдаушылардың бастапқы білім деңгейін анықтау мақсатында жүргізіледі.

Құралдар:

- сауалнама;
- қысқа тест тапсырмалары;
- өзін-өзі бағалау парағы.

2. Қалыптастырушы бағалау

Оқу процесі барысында жүйелі түрде жүргізіледі және тыңдаушылардың ілгерілеу динамикасын бақылауға бағытталған.

Бағалау формалары:

- практикалық тапсырмалар;
- кейс-талдау (нақты педагогикалық жағдаяттарды шешу);
- топтық және жеке жұмыстар;
- рефлексиялық тапсырмалар.

Бағалау критерийлері:

– аутистік спектрінің бұзылыстары бар балалардың ерекшеліктерін дұрыс талдау;

- педагогикалық технологияларды орынды қолдану;
- ұсынылған шешімдердің негізділігі мен тиімділігі;
- тапсырмаларды орындаудағы жүйелілік.

3. Жиынтық бағалау

Курс соңында тыңдаушылардың кәсіби құзыреттерінің қалыптасу деңгейін анықтау мақсатында жүргізіледі.

Бағалау формасы: қорытынды практикалық жұмыс (жоба)

Қорытынды жұмыс мазмұны

Тыңдаушылар келесі бағыттардың бірі бойынша жұмыс ұсынады:

– аутистік спектрінің бұзылыстары бар балаға арналған жеке даму бағдарламасы (ЖДБ);

- білім беру ортасын бейімдеу жобасы;
- коммуникативтік немесе мінез-құлықты қолдау жоспары;
- кешенді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу моделі.

Қорытынды бағалау критерийлері

- баланың даму ерекшеліктерін толық және дұрыс талдау;
- таңдалған технологиялардың негізділігі;
- ұсынылған шешімдердің практикалық қолданбалылығы;
- құрылымдылығы мен жүйелілігі;
- педагогикалық шешімдердің тиімділігі.

Бағалау шкаласы

Деңгей	Сипаттамасы
Жоғары	технологияларды толық, дұрыс және тиімді қолданады
Орта	технологияларды қолданады, бірақ толық емес

Төмен	теориялық деңгейде ғана, практика жеткіліксіз
-------	---

- барлық тапсырмаларды орындау;
- қорытынды жұмысты қорғау;
- кемінде 70% нәтижеге жету.

Бағалау кешенді және практикаға бағдарланған сипатқа ие. Ол тек теориялық білімді тексерумен шектелмейді, сонымен қатар тыңдаушылардың алған білімдерін нақты педагогикалық жағдайда, аутистік спектрінің бұзылыстары бар балалармен жұмыс барысында қолдану қабілетін бағалауға бағытталады. Тыңдаушылардың кәсіби ойлау жүйесінің қалыптасуы, жоспарлау дағдылары және педагогикалық рефлексия деңгейі де ескеріледі.

Ерекше назар педагогтердің:

- баланың жеке даму профилін ескере алуына;
- сүйемелдеуді кезең-кезеңімен жоспарлау қабілетіне;
- құрылымдалған оқыту элементтерін қолдануына;
- коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларды дамыту әдістерін жүйелі пайдалануына;
- проблемалық мінез-құлықтың себептерін талдап, педагогикалық тұрғыдан реттей алуына;
- даму динамикасын бақылап, түзету енгізу қабілетіне;
- заманауи педагогикалық және цифрлық ресурстарды мақсатқа сай қолдануына аударылады.

Бағалау қағидаттары

Бағалау үдерісі келесі қағидаттарға негізделеді:

Объективтілік – бағалау нақты, алдын ала анықталған және тыңдаушыларға таныстырылған критерийлер негізінде жүзеге асырылады. Бағалау барысында субъективті пікірден гөрі нақты көрсеткіштер мен әзірленген материалдардың сапасы басшылыққа алынады.

Жүйелілік – бағалау оқу үдерісінің барлық кезеңінде жүргізіледі. Ағымдық бағалау, практикалық тапсырмаларды талдау және қорытынды аттестаттау өзара байланыста жүзеге асырылады.

Практикалық бағыттылық – бағалау нақты педагогикалық әрекеттерге, әзірленген жеке даму бағдарламаларына, бейімделген оқу материалдарына және сүйемелдеу жоспарларына негізделеді.

Дамытушылық – бағалау педагогтің кәсіби өсуін қолдауға бағытталған. Бағалау нәтижелері педагогтің әлсіз және күшті жақтарын анықтауға және кәсіби дамудың келесі қадамдарын жоспарлауға мүмкіндік береді.

Рефлексияға негізделу – бағалау барысында тыңдаушының өз кәсіби қызметін талдау қабілеті, қолданылған технологиялардың тиімділігін бағалауы және жетілдіру жолдарын анықтауы ескеріледі.

<p>Ашықтық және объективтілік</p>	<p>Оқу нәтижелерін бағалау бағдарламаның мақсаттары мен күтілетін нәтижелеріне сәйкес әзірленген, нақты тұжырымдалған және курс басында тыңдаушыларға ұсынылған бағалау критерийлері негізінде жүзеге асырылады. Барлық талаптар мен көрсеткіштер түсінікті және бірізді сипатта ұсынылады.</p> <p>Бағалау талаптарының ашықтығы педагогтердің өз нәтижелерін саналы түрде бағалауына, оқу барысында жеткен кәсіби ілгерілеуін түсінуіне және даму бағыттарын анықтауына мүмкіндік береді. Бұл тәсіл бағалау нәтижелерінің әділдігін, ашықтығын және салыстырмалылығын қамтамасыз етеді.</p>
<p>Сараланған тәсіл</p>	<p>Бағалау барысында тыңдаушылардың кәсіби тәжірибесі, аутистік спектрінің бұзылыстары бар балалармен жұмыс жүргізу деңгейі және бастапқы даярлық ерекшеліктері ескеріледі.</p> <p>Әрбір педагогтің жеке кәсіби даму динамикасы назарға алынады. Бағалау тек соңғы нәтижеге емес, оқу барысында көрсетілген ілгерілеуге де негізделеді. Бұл тәсіл педагогтердің мүмкіндіктерін ескеруге, олардың кәсіби сенімділігін арттыруға және оқу нәтижелерін әділ бағалауға бағытталған.</p>
<p>Тұрақты кері байланыс</p>	<p>Бағалау үдерісі жүйелі және конструктивті кері байланыспен қатар жүреді. Оқыту барысында тыңдаушыларға практикалық тапсырмалардың сапасы, әдістемелік негізділігі және қолданылған технологиялардың тиімділігі бойынша ұсыныстар беріледі.</p> <p>Кері байланыс педагогтердің:</p> <ul style="list-style-type: none"> сүйемелдеу процесін талдауына; жеке даму бағдарламаларын жетілдіруіне; оқу процесін құрылымдау сапасын арттыруына; мінез-құлықты қолдау стратегияларын түзетуіне; кәсіби рефлексиясын тереңдетуіне <p>ықпал етеді.</p>

	Тұрақты кері байланыс оқу материалының саналы меңгерілуін, практикалық дағдылардың қалыптасуын және педагогтердің кәсіби қызмет сапасының артуын қамтамасыз етеді.
--	--

8.2 Бағалаудың негізгі әдістері мен нысандары

Бағдарлама аясында оқу нәтижелерін бағалау тыңдаушылардың теориялық білімдерін, практикалық дағдыларын және аутистік спектрінің бұзылыстары бар балаларды сүйемелдеу саласындағы кәсіби құзыреттерін кешенді бағалауға бағытталған.

Бағалау педагогтердің:

- аутистік спектрінің бұзылыстары бар балалардың даму ерекшеліктерін түсіну деңгейін;
- психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді жүйелі ұйымдастыру қабілетін;
- жеке даму бағдарламаларын әзірлеу дағдыларын;
- оқу процесін құрылымдау және бейімдеу білігін;
- коммуникативтік және мінез-құлықтық қолдау стратегияларын қолдану қабілетін;
- даму динамикасын бағалау және түзету енгізу дағдыларын анықтауға бағытталған.

Бағалау үдерісінде келесі негізгі әдістер мен нысандар қолданылады:

Ағымдық бағалау

Ағымдық бағалау оқу үдерісінің барысында жүйелі түрде жүргізіледі және тыңдаушылардың теориялық материалды меңгеру деңгейін, сондай-ақ практикалық тапсырмаларды орындау сапасын анықтауға бағытталған.

Ағымдық бағалау келесі нысандарды қамтиды:

- теориялық материал бойынша қысқаша тесттер немесе жазбаша тапсырмалар;
- педагогикалық жағдаяттарды талдау;
- модульдік практикалық тапсырмаларды орындау;
- жеке даму бағдарламасының элементтерін әзірлеу;
- оқу процесін бейімдеу үлгілерін ұсыну.

Ағымдық бағалау тыңдаушылардың оқу барысында кәсіби ілгерілеуін бақылауға мүмкіндік береді.

Практикалық жұмыстарды бағалау

Практикалық жұмыстарды бағалау педагогтердің нақты кәсіби дағдыларын анықтауға бағытталған.

Бағалау барысында келесі жұмыстар талданады:

- аутистік спектрінің бұзылыстары бар балаға арналған жеке даму бағдарламасы;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту жоспары;
- мінез-құлықты қолдау жоспары;
- құрылымдалған сабақ немесе бейімделген оқу қызметінің үлгісі;
- визуалды қолдау материалдарының жобасы;
- даму динамикасын бақылау кестесі.

Практикалық жұмыстардың сапасы, логикалық құрылымы, мақсатқа сәйкестігі және нақты педагогикалық жағдайда қолдану мүмкіндігі бағаланады.

Портфолио

Курс барысында тыңдаушылар әзірлеген барлық материалдар портфолиоға жинақталады.

Портфолио құрамына мыналар енгізілуі мүмкін:

- жеке даму бағдарламасының жобасы;
- бейімделген сабақ жоспары;
- визуалды қолдау үлгілері;
- мінез-құлықты қолдау жоспары;
- практикалық талдау жұмыстары;
- рефлексиялық есептер.

Портфолио педагогтің курс барысында қалыптасқан кәсіби құзыреттерін кешенді бағалауға мүмкіндік береді.

Рефлексиялық жұмыстар

Рефлексиялық жұмыстар педагогтің өз кәсіби қызметін талдауына бағытталған.

Тыңдаушылар:

- қолданылған технологиялардың тиімділігін бағалайды;

- өз кәсіби жетістіктері мен қиындықтарын анықтайды;
- кәсіби даму бағыттарын айқындайды;
- сүйемелдеудің сапасын жетілдіру жолдарын ұсынады.

Рефлексия педагогтің кәсіби саналы өсуіне ықпал етеді.

Қорытынды бағалау

Қорытынды бағалау курс соңында жүзеге асырылады және тыңдаушының бағдарламаны толық меңгеру деңгейін анықтауға бағытталған.

Қорытынды бағалау келесі нысандарда өткізіледі:

1. Қорытынды жобаны қорғау

Тыңдаушы аутистік спектрінің бұзылыстары бар балаға арналған кешенді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жобасын ұсынады. Жоба жеке даму бағдарламасын, оқу процесін бейімдеу элементтерін, коммуникативтік және мінез-құлықтық қолдау стратегияларын қамтуы тиіс.

2. Педагогикалық тәжірибені талдау

Тыңдаушы нақты педагогикалық жағдайды талдап, ұсынылған шешімдердің тиімділігін негіздейді.

3. Қорытынды тестілеу (қажет болған жағдайда)

Теориялық материалды меңгеру деңгейін тексеру мақсатында тест тапсырмалары қолданылуы мүмкін.

Бағалаудың аталған әдістері мен нысандары тыңдаушылардың аутистік спектрінің бұзылыстары бар балаларды сүйемелдеу саласындағы нақты кәсіби әрекеттерін, педагогикалық шешім қабылдау қабілетін және жүйелі жұмыс ұйымдастыру білігін жан-жақты бағалауға мүмкіндік береді.

8.3 Бағалау критерийлері

Бағалау критерийлері педагогтердің аутистік спектрінің бұзылыстары бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу саласындағы кәсіби құзыреттерінің қалыптасу деңгейін анықтауға бағытталған.

Бағалау келесі негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

Теориялық дайындық деңгейі

Практикалық дағдылар

Жобалық жұмыс сапасы

Коммуникативтік және мінез-құлықтық қолдау стратегияларын қолдану

Кәсіби рефлексия және дербестік

Әр бағыт бойынша қалыптасу деңгейі төмендегіше сипатталады.

<p>Теориялық материалды білу деңгейі:</p>	<p>Жоғары деңгей Тыңдаушы аутистік спектрінің бұзылыстары бар балалардың даму ерекшеліктерін терең түсінеді, негізгі педагогикалық ұғымдарды еркін қолданады және теориялық білімді</p>
---	---

	<p>нақты практикалық жағдайлармен байланыстыра алады.</p> <p>Жеткілікті деңгей</p> <p>Тыңдаушы негізгі теориялық материалды меңгерген, ұғымдарды дұрыс қолданады, бірақ кей жағдайларда практикалық талдауда тереңдік жеткіліксіз болуы мүмкін.</p> <p>Бастапқы деңгей</p> <p>Тыңдаушы теориялық материалды ішінара меңгерген, негізгі ұғымдарды қолдануда қателіктер кездеседі және практикалық байланыс әлсіз байқалады.</p>
Практикалық дағдылар:	<p>Жоғары деңгей</p> <p>Тыңдаушы жеке даму бағдарламасын құрылымды, нақты және өлшенетін мақсаттармен әзірлейді, оқу процесін тиімді бейімдейді және сүйемелдеуді жүйелі ұйымдастырады.</p> <p>Жеткілікті деңгей</p> <p>Жеке даму бағдарламасы жалпы талаптарға сәйкес әзірленген, бірақ мақсат қою немесе мониторинг бөлігінде нақтылық жеткіліксіз болуы мүмкін.</p> <p>Бастапқы деңгей</p> <p>Жеке даму бағдарламасы құрылымсыз немесе мақсаттары нақты емес, бейімдеу элементтері толық қамтылмаған.</p>
Жобалық жұмыс сапасы	<p>Жоғары деңгей</p> <p>Жоба толық, логикалық тұрғыдан жүйелі, нақты балаға бағытталған, практикалық қолдануға дайын және әдістемелік негізделген.</p> <p>Жеткілікті деңгей</p> <p>Жоба құрылымдалған, алайда кей бөлімдері тереңдетуді немесе нақтылауды қажет етеді.</p> <p>Бастапқы деңгей</p> <p>Жоба фрагментарлы сипатта, құрылымы әлсіз және практикалық қолданбалылығы жеткіліксіз.</p>
Коммуникативтік және мінез-құлықтық қолдау стратегияларын қолдану	<p>Жоғары деңгей</p> <p>Тыңдаушы коммуникацияны дамытуға арналған тиімді технологияларды таңдайды, мінез-құлықтың себептерін талдайды және</p>

	<p>қолайлы мінез-құлықты қалыптастыру стратегияларын жүйелі қолданады.</p> <p>Жеткілікті деңгей</p> <p>Коммуникативтік және мінез-құлықтық қолдау элементтері бар, бірақ жүйелілік немесе талдау тереңдігі жеткіліксіз.</p> <p>Бастапқы деңгей</p> <p>Қолдау стратегиялары нақты жоспарланбаған немесе баланың ерекшеліктеріне толық сәйкес келмейді.</p>
Кәсіби рефлексия және дербестік	<p>Жоғары деңгей</p> <p>Тыңдаушы өз кәсіби әрекетін сыни тұрғыдан талдай алады, қолданылған технологиялардың тиімділігін бағалайды және кәсіби даму бағытын нақты айқындайды.</p> <p>Жеткілікті деңгей</p> <p>Рефлексия бар, бірақ талдау тереңдігі орташа деңгейде.</p> <p>Бастапқы деңгей</p> <p>Рефлексия үстірт сипатта, кәсіби даму бағыттары нақты айқындалмаған.</p>

8.4 Бағалау құралдары

Тестілеу және сауалнамалар:	<p>Теориялық білімді тексеруге арналған тесттер, бұл оқытушыларға оқу материалының меңгерілуін жедел бақылауға мүмкіндік береді;</p> <p>Тыңдаушылардың қажеттіліктеріне сәйкес бағдарламаны бейімдеуге көмектесетін кері байланыс сауалнамалары.</p>
Портфолио:	<p>Барлық орындалған тапсырмаларды, жобаларды және есептерді қамтитын портфолио жүргізу. Бұл тыңдаушының ілгерілеуі мен жұмыс нәтижелерін жүйелі түрде тіркеуге мүмкіндік береді.</p>
Презентациялар және жобаларды қорғау:	<p>қорытынды жобаны оқытушылар комиссиясының алдында қорғау, мұнда жұмыстың нәтижесімен қатар оны орындау үдерісі де бағаланады.</p>
Онлайн-бағалау:	<p>Аралық және қорытынды тесттерді тапсыру,</p>

	онлайн-емтихандар өткізу және жедел кері байланыс алу үшін онлайн-платформаларды пайдалану.
--	---

8.5 Оқу нәтижелерін бағалау және құзыреттер деңгейі

Қорытынды бағалау пайыздық шкалаға негізделеді, мұнда әрбір құрамдас бөлік (теориялық білімдер, практикалық тапсырмалар, жобалық жұмыстар) жалпы бағалауда белгілі бір үлес салмаққа ие болады. Ұсынылатын шкала:

—90–100% — Өте жақсы (барлық талаптарға толық сәйкес келеді, шығармашылық және техникалық дағдылардың жоғары деңгейі көрсетілген).

—70–89% — Жақсы (негізгі талаптарға сәйкес келеді, алайда жұмыстың жекелеген аспектілерін жетілдіру қажет).

—50–69% — Қанағаттанарлық (тапсырмаларды орындау сапасын арттыру үшін қосымша жұмыс қажет).

—50%-дан төмен — Қанағаттанарлықсыз (бағдарлама талаптары жеткіліксіз деңгейде орындалған, қайта даярлау қажеттілігі бар).

9. Курстан кейінгі сүйемелдеу

Курстан кейінгі сүйемелдеу біліктілікті арттырудың тиімді бағдарламасының ажырамас бөлігі болып табылады және тыңдаушылардың кәсіби қызметінде алынған білімдер мен дағдылардың тұрақтылығын және практикада іске асырылуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Аталған кезең кәсіби белсенділікті қолдауға, педагогикалық бастамаларды дамытуға, тәжірибе алмасуға және курс барысында меңгерілген нәтижелерді нақты педагогикалық практикаға енгізуге бағдарланған.

Курстан кейінгі сүйемелдеудің негізгі элементтері:

Курстан кейінгі сүйемелдеудің мақсаттары:			
жаңа білімдер мен құралдарды іске асыруда әдістемелік қолдауды қамтамасыз ету;	кәсіби қарым-қатынасты және тәжірибе алмасуды жалғастыру үшін жағдай жасау;	консультация беру, супервизия жүргізу және сараптамалық кері байланыс алу мүмкіндіктерін ұсыну;	педагогтің кәсіби практикасына өзін-өзі дамыту және өзін-өзі талдау элементтерін енгізуге ықпал ету.
Курстан кейінгі сүйемелдеудің форматтары:			
Жеке әдістемелік консультация беру:	онлайн-байланыс арқылы (электрондық пошта, мессенджерлер, LMS платформалары); тыңдаушының педагогикалық		

	әзірлемелерін енгізу бойынша сараптамалық ұсынымдар беру.
Курстан кейінгі вебинарлар және әдістемелік шеберханалар:	курс аяқталғаннан кейін 1–2 ай өткен соң тақырыптық онлайн-кездесулер өткізу; тыңдаушылар ұсынған табысты енгізу кейстерін талдау; практикада білімді қолдану барысында туындаған күрделі сұрақтарға жауап беру.
Кәсіби қарым-қатынас форумы/тобы:	кәсіби чатқа немесе онлайн-топқа қолжетімділік (Telegram, WhatsApp, Google топтары); үлгілермен, құжаттармен, сұраныстармен және шешімдермен алмасу; көлденең тәлімгерлікті (peer-to-peer қолдау) ынталандыру.
Онлайн-кітапхана және әдістемелік банк:	курс оқу материалдарына тұрақты қолжетімділік; нормативтік базаны, үлгілерді және нұсқаулықтарды жүйелі түрде жаңарту; жаңа әдебиеттерге, жарияланымдарға және іс-шараларға ұсынымдар беру.
Қорытынды енгізуге ерікті супервизия:	жеке бағдарламаларды диагностикалау және рефлексиялау үдерісіне ерікті түрде қатысуға шақыру; жеке білім беру маршруттарын енгізуді сүйемелдеу; орталық әдіскерлерімен бірлесіп педагогикалық әсерлерді талдау.
Сүйемелдеу әдістері:	
жеке сұраныстарға жауап беру;	практиканы және алынған нәтижелерді талдау;
сауалнамалар, күнделіктер және талқылаулар;	кейстерді топтық түрде шешу, материалдарды бірлесіп жетілдіру.
Ұзақтығы мен форматы:	курстар аяқталғаннан кейін 12 айға дейін; қашықтан форматта, икемді кесте бойынша; тыңдаушының қалауы бойынша немесе әдіскердің шақыруымен.
Курстан кейінгі сүйемелдеудің нәтижелері:	педагогтің алған білімдерін іске асырудағы сенімділігінің артуы;

	жеке білім беру бағдарламалары (ЖББ) шеңберінде құжаттаманың дұрыс нысандарын практикаға белсенді енгізу;
	кәсіби қауымдастыққа тартылу деңгейінің және әдістемелік белсенділіктің өсуі;
	рефлексияның қалыптасуы, бастамалардың пайда болуы және әрі қарай оқуға дайындықтың артуы.

10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

1. Заңдар және нормативтік-құқықтық актілер

1. Заңдар және нормативтік-құқықтық актілер

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319>
2. Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығы. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600013395>
3. Білім беру ұйымдарының педагогтері үшін кәсіби стандарттарды бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 24 ақпандағы № 31 бұйрығы.
4. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің № 92 бұйрығы.
5. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000249>
6. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің ресми сайты. <https://www.edu.gov.kz>
7. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі. Инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері. – Астана, 2021.

2. Негізгі әдебиеттер

8. Ұлттық ғылыми-практикалық түзету педагогикасы орталығы. Аутизм спектрінің бұзылыстары бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Алматы, 2023.
9. Аутизмі балаларға арналған арнайы дамыту бағдарламасы /Ерсарина А.К., Джангельдинова З.Б., Айтжанова Р.К.- Алматы, ТП ҰҒП О, 2020. - 169 б. 2020
10. Волкова Г.А. Логопедическая работа с детьми с РАС. – Москва: Просвещение, 2021.
11. Морозова С.С. Структурированное обучение детей с РАС. – Москва: Теревинф, 2020.

3. Қосымша әдебиеттер

12. American Psychiatric Association. Diagnostic and Statistical Manual of Mental Disorders (DSM-5-TR). – Washington, 2022. (диагностикалық жіктеме үшін теориялық негіз ретінде)
13. World Health Organization. International Classification of Diseases (ICD-11). – Geneva, 2022.
14. UNESCO. Inclusive Education: A Global Perspective. – Paris: UNESCO, 2020.
15. Odom S.L., Collet-Klingenberg L. Evidence-Based Practices for Children and Youth with Autism Spectrum Disorders. – 2020.